Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б. 85-86

ҚЫТАЙБҰРШАҚ ҚҰНДЫ АЗЫҚТЫҚ, ЖЕМШӨПТІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДАҚЫЛ

Ербол Ж.

Дәнді бұршақты дақылдардың ішіндегі ең құндысы – қытайбұршақ, себебі оның дәнінде 30 - 52% ақуыз, 20% шамасында көміртегі, 17 -27% май бар.

Дақыл сіңімді және жеңіл қорытылатындықтан тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде қытайбұршақтан әртүрлі тағамдар (май, ірімшік, айран, шұжық, шоколад, кофе, какао) даярланады. Мұның күнжарасынан нан жасалады, макарон өндірісінде оны қоспа ретінде пайдаланады

Сонымен қатар қытайбұршақты (текстиль, лецетин, маргарин, желатин, глицерин, әртүрлі бояулар, желім, линолиум, пласмасса, типографиялық құралдар, әртүрлі май қышқылдары, инсектицид алынады, қағаз) өнеркәсіптерінде қолданылады және кондитер тағамдары дайындалады. Медициналық препараттар алынады.

Оның 1т дәнінен 113 кг май алуға болады. Сүзілген майы тағам ретінде пайдалы, қытайбұршақ сүтін асқазан, бүйрек, бауыр және т.б. аурулаға қарсы қолданады.

Қытайбұршақ бағалы мал азықтық дақыл. Қытайбұршақтың 100 кг шөбінде 51 мал азықтық өлшем және 15 кг қорытылатын протеин бар. қытайбұршақты көктей шауып алуға, сүрлемге арнап өсіруге болады.

Қытайбұршақ -жылу сүйгіш дақыл. Себілген тұқымның көктеп шығуына ең қолайлы температура 20 - 21ºС шамасында болса, гүлдену кезеңінде +22 – 23ºС, пісу кезеңінде 18 – 20ºС , топырақтың оңтайлы ылғалдылығы 70 - 80%, болғаны дұрыс.

Қытайбұршақ топырақ талғайды. Ол қара, қызыл – қоңыр және сұр топырақта жақсы өседі. Топырақ ертіндісінің реакциясы қышқылдау немесе бейтарап, яғни pH 5 – 8 аралығында болуы керек.

Қазақстанда қытайбұршақ дақылына көптеген еңбек арналған, алайда олар негізінен агротехникалық әдістерді меңгеруге бағытталған.

Өнімді жоғарлатудың бір жолы тыңайтқыш қолдану. Бірақ олардың қытайбұршақ өнімділігіне, химиялық құрамына әсері зерттелмеген. Зертеу жұмыстарының нәтижесінде қытайбұршақ дақылы үшін қажетті қоректік элементтердің тапшылығын және тыңайтқыштарға деген қажеттілігін анықтауға, жоспарланған өнімділікті қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау, топырақтардың құнарлығын сақтау және арттыру шараларын басқаруға мүмкіндік береді.

Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.к., доцент м. а.Нұрманов Е.Т.